**Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Райымбек аудандық әкімиятының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 75 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Райымбек ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 16 сәуірде N 2-15-67 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы N 22 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2010.02.19 N 22 Қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабының 1-тармағына және 5-тармағының 2-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармақ 13-тармақшасына сәйкес, ауданның жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарын жұмыспен уақытша қамту мақсатында, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру үшін аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Райымбек ауданы бойынша 2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыс түрлерін ұйымдастыратын ұйымдар тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері және көлемі мен баска да накты жағдайлары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысушыларға төленетін айлық еңбек ақы Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде белгіленсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің тапсырыстары негізінде, қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджеттен қаржыландыру аудандық қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесінің бастығы Омархалық Қайрат Байқайыпұлына тапсырылсын.

4. Райымбек ауданының уәкілетті органында жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарды қоғамдық жұмыспен қамту үшін, 2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстың түрлерін басшылыққа алу, осы жұмыс түрлерін ұйымдастыру селолық, поселкелік округ әкімдерімен жұмыс берушілерге және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Зықаев Халық Сансызбайұлына міндеттелінсін.

5. Аудандық әкімдіктің 30.01.2008 жылғы "Қоғамдық жұмыстарды

ұйымдастыру туралы" N 10 санды (Аудандық әділет басқармасынан 21.02.2008 жылы N 2-15-53 санымен тіркелген, аудандық "Хан тәңірі" газетіне 01.03.2008 жылы N 9 (7524) санына жарияланған Қаулысының күші жойылған деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Қасымберкебаев Тәңірберген Қасымақынұлына жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі А. Айтжанов*

Райымбек ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 75 "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қаулысына бекітілген қосымшасы

## Райымбек ауданы бойынша 2009 жылы ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын ұйымдар тізбесі, көлемі мен басқа да нақты жағдайлары

| РетіN | Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушы жұмыс берушілер атауы | Ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері | Бір адамға айына төленетін қаржы көлемі (теңге) | 1 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға бөлінген қаржы (мың теңге) | Қоғамдық жұмыстың толық емес жұмыс күні (сағат) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1. Елді мекендерде, парктерде экологиялық тазарту, көгалдандыру және аббаттандыру жұмыстарын жүргізуге көмектесу;<br>2. Елді мекендердің, өндірістік кәсіпорындардың аумағын тазалау, ағаштардың қураған сабақтарын кесу, түбін әктеу, қоршауларды түзеу және сырлау жұмыстарын жүргізуде селолық, поселкелік округ әкімдіктеріне, тұрғын үй коммуналдық шаруашылықтарына көмектесу;<br>3. Кең көлемді мәдени шаралар | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кеген селолық округі әкімдігі | өткізуді ұйымдастыруға көмек көрсету (шара өтетін жерлерді тазалау, әктеу, сырлау, стенд, билборд, плакаттар ілу, шақыру билеттерін тарату);<br>4. Көшелерде, парктерде су жүретін арықтар қазу, тазалау жұмыстарын жүргізу.<br>5. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарына көмектесу;<br>6. Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйден әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарына көмектесу;<br>7. Науқандық мал санағы жұмыстарына көмектесу (сауалнама, шақыру қағаздарын тарату);<br>8. Салық жинау жұмыстарына көмектесу (салығын төлемеген тұрғындарға ескертулер, шақыру қағаздарын тарату);<br>9. Даңқ аллеяларының, ескерткіштердің айналасын тазалау, қоршауларын түзеу, сырлау, ағаштардың түбін әктеу;<br>10. Ұлы Отан Соғысы ардагерлерінің және соғыс жесірлерінің үйлерін жөндеу, ауласын тазалау, қоршауларын түзеу және сырлау жұмыстарына көмектесу;<br>11. 18-жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына төленетін балалар жәрдемақысын, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және өздері жылытатын үйде тұратын тұрмысы төмен отбасыларына төленетін тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасыларын, учаскелік комиссияның отырысына шақыру, қабылданған құжаттарды реттеп тігу, жәрдем ақының тағайындалғаны немесе тағайындалмағаны жайлы ескерту хабарламаларын тарату;<br>12. Елді мекендердегі көшелерді тазалау, шұңқырларды құм-таспен толтыру, көше жиектеріне ағаш егу, | 13470 | | 7 сағат | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шарбақтарды түзету.<br>13. Сайлау науқаны кезінде, сайлаушыларға шақыру қағаздарын тарату;<br>14. Шаруашылық кітаптарын толтыру кезінде кейбір ауыл тұрғындарынан қосымша мәліметтер анықтап алу үшін оларды әкімдікке шақыру қағаздарын тарату;<br>15. Тарихи сәулеттік ескерткіштердің айналасын тазалау, бордюрлерін, қоршауларын түзеу, сырлау, гүлзарларға гүл егу, ағаштар отырғызу, түптерін әктеу, күтіп–баптау жұмыстарына көмектесу;<br>16. Жұмысқа орналасуға мұқтаж азаматтардың еңбек нарқына бейімделуіне жәрдемдесу, оларға жұмыс іздеу тәсілдерін үйрету, кәсіптік бағдар, кеңестер алуларына көмектесу,<br>босаған немесе жаңа ашылған жұмыс орындарын іздеу және сол орындарға жұмыссыз азаматтардың орналасуына көмектесу; | | 1697220 | |
| 2 | Нарынқол селолық округі әкімдігі | 1. Елді мекендерде, парктерде экологиялық тазарту, көгалдандыру және аббаттандыру жұмыстарын жүргізуге көмектесу;<br>2. Елді мекендердің, өндірістік кәсіпорындардың<br>аумағын тазалау, ағаштардың қураған сабақтарын кесу, түбін әктеу, қоршауларды түзеу және сырлау жұмыстарын жүргізуде селолық, поселкелік округ әкімдіктеріне, тұрғын үй | 13470 | 1818450 | 7 сағат |
| 3 | Тұйық селолық округі әкімдігі | | 13470 | 282870 | 7 сағат |
| 4 | Саты селолық округі әкімдігі | | 13470 | 202050 | 7 сағат |
| 5 | Жалаңаш селолық округі әкімдігі | | 13470 | 808200 | 7 сағат |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Тасашы селолық округі әкімдігі | коммуналдық шаруашылықтарына көмектесу;<br>3. Кең көлемді мәдени шаралар өткізуді ұйымдастыруға көмек көрсету (шара өтетін жерлерді тазалау, әктеу, сырлау, стенд, билборд, плакаттар ілу, шақыру билеттерін тарату);<br>4. Көшелерде, парктерде суландыру жұмыстарын жүргізу, су жүретін арықтар қазу, тазалау жұмыстарын жүргізу.<br>5. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден әлеуметтік көмек.<br>5. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарына көмектесу;<br>6. Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйден әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарына көмектесу;<br>7. Науқандық мал санағы жұмыстарына көмектесу (сауалнама, шақыру қағаздарын тарату);<br>8. Салық жинау жұмыстарына көмектесу (салығын төлемеген тұрғындарға ескертулер, шақыру қағаздарын тарату);<br>9. Даңқ аллеяларының, ескерткіштердің айналасын тазалау, қоршауларын түзеу, сырлау, ағаштардың түбін әктеу;<br>10. Ұлы Отан Соғысы ардагерлерінің және соғыс жесірлерінің үйлерін жөндеу, ауласын тазалау, қоршауларын түзеу және сырлау жұмыстарына көмектесу;<br>11. 18-жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына төленетін балалар жәрдемақысын, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және өздері жылытатын үйде тұратын тұрмысы төмен отбасыларына төленетін тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасыларын, учаскелік комиссияның отырысына шақыру, қабылданған құжаттарды реттеп тігу, жәрдем ақының | 13470 | 404100 | 7 сағат |
| 7 | Қара-бұлақ селолық округі әкімдігі | | 13470 | 565740 | 7 сағат |
| 8 | Жылысай селолық округі әкімдігі | | 13470 | 404100 | 7 сағат |
| 9 | Ұзын-бұлақ селолық округі әкімдігі | | 13470 | 727380 | 7 сағат |
| 10 | Бөлек-саз селолық округі әкімдігі | | 13470 | 444510 | 7 сағат |
| 11 | Қарқара селолық округі әкімдігі | | 13470 | 404100 | 7 сағат |
| 12 | Алғабас селолық округі әкімдігі | | 13470 | 323280 | 7 сағат |
| 13 | Шырға-нақ селолық округі әкімдігі | | 13470 | 808200 | 7 сағат |
| 14 | Ұзақ селолық округі әкімдігі | | 13470 | 202050 | 7 сағат |
| 15 | Қарасаз селолық округі әкімдігі | | 13470 | 646600 | 7 сағат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16 | Сарыжаз селолық округі әкімдігі | тағайындалғаны немесе тағайындалмағаны жайлы ескерту хабарламаларын тарату; 12. Елді мекендердегі көшелерді тазалау, шұңқырларды құм-таспен толтыру, көше жиектеріне ағаш егу, шарбақтарды түзету. 13. Сайлау науқаны кезінде, сайлаушыларға шақыру қағаздарын тарату; 14. Шаруашылық кітаптарын толтыру кезінде кейбір ауыл тұрғындарынан қосымша мәліметтер анықтап алу үшін оларды әкімдікке шақыру; 15. Тарихи сәулеттік ескерткіштердің айналасын тазалау, бордюрлерін, қоршауларын түзеу, сырлау, гүлзарларға гүл егу, ағаштар отырғызу, түптерін әктеу, күтіп–баптау жұмыстарына көмектесу; | 13470 | 606150 | 7 сағат |
| 17 | Тегіс-тік селолық округі әкімдігі | | 13470 | 202050 | 7 сағат |
| 18 | Қақпақ селолық округі әкімдігі | | 13470 | 202050 | 7 сағат |
| 19 | Текес селолық округі әкімдігі | | 13470 | 404100 | 7 сағат |
| 20 | Шәлкөде селолық округі әкімдігі | | 13470 | 606150 | 7 сағат |
| 21 | Қайнар селолық округі әкімдігі | | 13470 | 80950 | 7 сағат |
| 22 | Сүмбе селолық округі әкімдігі | | 13470 | 808200 | 7 сағат |
| 23 | Жамбыл селолық округі әкімдігі | | 13470 | 484920 | 7 сағат |
| 24 | Зейнет-ақы төлеу орталығы | 1) Мекемелердің мұрағаттарындағы іс қағаздарының тозған қаптарын айырбастау, тігу, бумаға байлап, сөрелерге реттеп орналастыру, әлеуметтік сауалнама қағаздарын тарату жұмыстарына көмектесу; | 13470 | 242460 | 7 сағат |
| 25 | Аудан-дық кітап-хана | 1) Кітапханаларда кітаптарды түптеу, жыртылған кітаптарды желімдеу, қаптау жұмыстарына көмектесу; | 13470 | 80950 | 7 сағат |
| 26 | | 1) Мекемелердің мұрағаттарындағы іс қағаздарының тозған қаптарын айырбастау, тігу, бумаға байлап, сөрелерге реттеп | 13470 | 121230 | 7 сағат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аудандық мұрағат | орналастыру, әлеуметтік сауалнама қағаздарын тарату жұмыстарына көмектесу; | | | |
| 27 | Аудандық қорғаныс бөлімі | 1) Кезекті әскер қатарына шақыруға байланысты, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге азаматтарға шақыру қағазын тарату, шақырылушылардан жинақталған құжаттарды жинактау папкаларына реттеп тігу; | 13470 | 282870 | 7 сағат |
| 28 | ҚР ӘМТҚК Алматы облысы бойынша "Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық" РМК | 1) Мекемелердің мұрағаттарындағы іс қағаздарының тозған қаптарын айырбастау, тігу, бумаға байлап, сөрелерге реттеп орналастыру, әлеуметтік сауалнама қағаздарын тарату жұмыстарына көмектесу; | 13470 | 202050 | 7 сағат |
| 29 | Кеген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі | 1) Көшеттер отырғызуға, оларды күтуге көмектесу; | 13470 | 282870 | 7 сағат |
| 30 | "Кеген көркейту" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | 1) Елді мекендердің, өндірістік кәсіпорындардың аумағын тазалау, ағаштардың қураған сабақтарын кесу, түбін әктеу, қоршауларды түзеу және сырлау жұмыстарын жүргізуде селолық,поселкелік округ әкімдіктеріне, тұрғын үй коммуналдық шаруашылықтарына көмектесу; | 13470 | 323280 | 7 сағат |
| 31 | Райымбек ауданының "Ақниет мүгедек балалар қоғамы" қоғамдық бірлестігі | 1) "Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды оңалту кабинетіне" келетін мүгедектердің массаж алуына, психологиялық көмек алуына, емдік-дене шынықтырумен айналысуларына көмектесу | 13470 | 282870 | 7 сағат |
| | Барлығы: | | | 14952000 | - |

*Аудан әкімі аппаратының жетекшісі: Қ. Төлепбердиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК